



**ШЕШІМ**

25.09.2024

Астана қаласы

**РЕШЕНИЕ**  
**219/27-VIII**

№

город Астана

**Астана қаласында саябақтар мен  
скверлерді кешенді көгалдандыру,  
абаттандыру бойынша жүргізіліп  
жатқан жұмыстар туралы**

Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нуркеновтың «Астана қаласында саябақтар мен скверлерді кешенді көгалдандыру, абаттандыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы» баяндамасын тыңдап және талқылап, Астана қаласының маслихаты төмендегілерді атап өтеді:

Астана қаласында «Жасыл белдеуде» 1,9 миллионнан астам ағаштар мен 14,6 миллионнан астам жасыл екпелер өседі. Соңғы 5 жылда 3,6 миллионнан астам жасыл екпелер отырғызылды (қала ішінде – 1,1 миллион, «Жасыл белдеуде» – 2,4 миллион). Жасыл екпелердің тіршілік ету деңгейі 95% құрайды.

2023 жылы «Астана қаласының аумағын көгалдандыру концепциясы» әзірленді, онда көгалдандыру мен қоғамдық кеңістіктердің қазіргі жағдайына талдау, халықаралық тәжірибеге шолу, даму тенденциялары мен көзқарастары, күтілетін нәтижелер, сондай-ақ көгалдандыру мен абаттандыру жобаларын жүзеге асыруға арналған концептуалдық тәсілдер ұсынылған. 2022 жылы жасыл екпелердің жағдайын инвентаризациялау және орман-патологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді, нәтижесінде «Астана қаласының жасыл екпелерінің реестрі» әзірленді.

Электрондық жүйеге 1 400 000 дана ағаш, бұта, 212 910,42 метр бұта (тірі қоршау), 168 017,028 шаршы метр гүлзар және 16 970 655 шаршы метр газон енгізілді.

Жасыл екпелердің суарылуын жақсарту үшін автоматтандырылған жергілікті суару жүйелері орнатылып жатыр. 72 саябақ пен скверлердің аумағында 242 га жерге жергілікті суару жүйелері орнатылды, олар күн сайын 12 100 м<sup>3</sup> суаруды қамтамасыз етеді.

Су үнемдеу және суарудың тиімділігін арттыру мақсатында тамшылатып суару жүйесі де қолданылады.

Сессияға дайындық барысында маслихат депутаттары астананың бірқатар саябақтары мен скверлерін аралады. Аралау нәтижесінде депутаттар жалпы алғанда саябақтар мен скверлердің көпшілігі жақсы күйде екенін атап өтті, алайда кейбір саябақтар күтімсіз және жеткіліксіз көгалдандырылған.



Астана қаласының көгалдандыруына қатысты негізгі проблемалық мәселелерге вандализм фактілері, соңғы жылдары жасалған жасыл екпелерді цифрландырудың болмауы, ауданға бөлінген отырғызу материалымен қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі, гүл өсіруде көпжылдық өсімдіктердің аз үлесі, жасыл екпелерді отырғызу мен күтімін әртүрлі ұйымдардың жүзеге асыруы, екпелердің өмір сүру деңгейінің төмендігі, көгалдандыру жұмыстарына ғылыми көзқарастың болмауы және жасыл екпелерді суару машинасын пайдалану жатады.

Мектептерде табиғаттану және ботаника бойынша қосымша сабақтарды енгізу, жаңа питомникті игеруді жеделдету, бар жылыжайларды толық реконструкциялау және жасалған жасыл екпелерге күтім жасау практикасын үш жыл бойы отырғызу жұмыстарын орындаған фирма арқылы енгізу қажет.

Осыған байланысты, Астана қаласында кешенді көгалдандыру, саябақтар мен скверлерді абаттандыру жұмыстарын жетілдіру мақсатында Астана қаласы маслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н. Ж. Нұркеновтың «Астана қаласында саябақтар мен скверлерді кешенді көгалдандыру, абаттандыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы» баяндамасы назарға алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне ұсынылсын (Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркенов жетекшілік етеді):

өтемдік отырғызуларға салушылардың формальды көзқарасын және өтемдік жасыл желектердің төмен жерсінуін ескере отырып, әкімдіктің уәкілетті ұйымы екі жыл ішінде ағаштарды өтемдік отырғызуды және оларды күтуді қамтитын ағаштарды кесу үшін ақы белгілеу жолымен өтемдік отырғызу жүйесін қайта қарау;

жасыл екпелерді суарудың экономикалық және тиімді жүйелеріне көшу бойынша жоспарланған шаралар, орындалатын мерзімдері мен қаржылық қажеттіліктерді көрсете отырып, жұмыс жоспарын әзірлеу;

жоспарланған шараларды, орындалу мерзімдерін және қаржылық қажеттіліктерді көрсете отырып, жасыл екпелерді суарудың үнемді және тиімді жүйелеріне көшу жөніндегі жұмыс жоспарын әзірлеу;

елордада бала туған кезде ағашқа төлқұжат беру бойынша өткен тәжірибе мысалында жасыл желектерді күтуге халықты тартуды кеңейту;

отырғызылған жасыл екпелерге үш жыл бойы күтім жасау практикасын отырғызу жұмыстарын орындаған фирма арқылы енгізу;

барлық жылыжайларды толық реконструкциялау;

шетелдердегі тәжірибені зерттеп, тұзданған жерлерді мелиорациялау бойынша тәжірибелік учаскелерді құру мәселесін қарастыру, ағаш өсімдіктерінің түрлерін таңдау;

зиянкестер мен өсімдік ауруларымен биологиялық әдістермен күресу мәселесін қарастырып, биолог-ғалымдар, агрономдар және өсімдіктерді қорғау мамандарынан жұмыс топтарын ұйымдастырып, биологиялық күрес әдістерін енгізу жөнінде кеңес беру және бақылау жүргізу;



«Астана қаласының жасыл екпелер реестрі» электронды платформасын жаңарту бойынша шаралар қабылдау және оның барлық қала тұрғындарына қолжетімділігін қамтамасыз ету;

тас кеспекшені пайдаланылу құнын есептеу және тез тозатын тас кеспекше орнына одан да төзімді табиғи тасты пайдаланудың мүмкіндігін қарастыру;

қалада тұрғындардың демалуы үшін жаңа жайлы аймақтар құру жұмыстарын жалғастыру;

саябақтарда үй жануарларын серуендетуге арналған арнайы орындарды жабдықтау;

су бұрқақты басқару функциясын «Астана су арнасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының қарамағына беру мәселесін зерттеу;

элеуметтік желілерді пайдалана отырып, экологиялық сауаттылықты арттыру және көгалдандыру мен абаттандыруға қатысу, білім беру іс-шараларын, мектеп бағдарламаларын өткізу, қоғамдық пікір көшбасшыларын тарту, ақпараттық материалдар жасау, интерактивті іс-шараларды іске қосу және т. б. мақсатында халық арасында ақпараттық-насихаттау жұмысын күшейту жөніндегі іс-шаралар жоспарын дайындау;


қоғамдық дәретханаларды басқару бойынша жеке ұйым құру жөнінде ұсыныстар енгізу.

3. «Астана қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» ММ соңғы үш жылда абаттандыруға, көгалдандыруға, ағымдағы күтім, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына және суаруға бөлінетін бюджет қаражатының өсуі жөніндегі талдау ұсынылсын.

4. Осы шешімнің ұсыныстарын орындау туралы ақпаратты қалалық маслихатқа бір ай ішінде ұсыну қамтамасыз етілсін.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы  
мәслихатының төрағасы**



**Е. Каналимов**